

## **Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.01 № 616 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 192-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      2 2                      қ а ң т а р д а ғ ы  
N                      8 1                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 192-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мүліктік кешендері ретінде республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - республикалық заңды тұлғалар), акционерлік қоғамдардың акциялары мен республикалық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, Астана) әкімінің қолдау хаты негізінде

коммуналдық меншікке беріледі;

2) республикалық заңды тұлғалардың мүлкі облыс (республикалық маңызы бар қала, Астана) әкімінің қолдау хаты негізінде:

ветеринариялық препараттарды қоспағанда, теңгерімдік құны беру күніне он мың және одан асатын ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде болған кезде - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша;

ветеринариялық препараттарды қоспағанда, теңгерімдік құны беру күніне он мың ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болған кезде - теңгерімінде берілетін мүлік бар республикалық заңды тұлғаны мемлекеттік басқару органы не уәкілетті орган болып табылатын мемлекеттік органмен келісілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің шешімі бойынша;

ветеринариялық препараттар - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген шешімі бойынша коммуналдық меншікке беріледі;

3) мүліктік кешендер ретінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - коммуналдық заңды тұлғалар), акционерлік қоғамдардың акциялары және коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестері облыс (республикалық маңызы бар қала, Астана) әкімдігі қаулысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық меншікке қабылдау туралы шешімінің негізінде республикалық меншікке беріледі;

4) коммуналдық кәсіпорындар мүлкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және теңгеріміне мүлік берілетін республикалық заңды тұлғаны мемлекеттік басқару органы болып табылатын мемлекеттік органмен (не уәкілетті органмен) келісілген облыс (республикалық маңызы бар қала, Астана) әкімдігінің қаулысы негізінде республикалық меншікке беріледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.10 № 927 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру туралы шешім қабылданғаннан кейін 30 күннен аспайтын мерзімде беруші және қабылдаушы тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қоятын және республикалық және коммуналдық меншікке иелік етуге уәкілетті орган басшылары бекітетін мүлікті қабылдап алу-беру актісі (табыстау актісі) ресімделеді.

Қабылдап алу-беру актісі (табыстау актісі) мемлекеттік және орыс тілдерінде төрт данада, қабылдау-беру актісін (табыстау актісін) ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК